| | |
|---|---|
| Коучинг тақырыбы | LESSON STUDY тәсілі оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыру үшін қажет. |
| Жалпы мақсаты: | Әріптестерді LESSON STUDY тәсілімен таныстырып, алдағы уақытта сабақ барысында оқушылардың іс-әрекетін зерттеуге дағдыландыру |
| Оқу нәтижелері: | LESSON STUDY тәсілін түсінеді және коучингке қатысқан мұғалімдер LESSON STUDY тәсілін сабақта пайдаланады. |
| Түйінді идеялар: | Мұғалімдер LESSON STUDY тәсілін пайдаланып, жеті модульді қамтитын тізбектелген сабақтардың орта және қысқа мерзімді жоспарын дайындауды үйренеді. |
| Сабақ барысы | 1.Топқа бөлу.<br>2. LESSON STUDY тәсілі туралы ресурс тарату, топтық жұмыс.<br>3. Слайд арқылы ресурсты қорытындылау.<br>4. Тренинг: «Психогеометриялық фигуралар»<br>5. Мұғалімдерге оқушыларды зерттеу картасы таратылып, талқыланады.<br>6. Кері байланыс. |
| Бірлескен жұмысқа негізделген: | 1.Қатысушылар стикерлерге жасырып, жазылған өлең жолдары арқылы 4 топқа бөлінеді<br>2.Таратылған ресурсты пайдаланып, әр топ біріккен постер жасап, қорғайды.<br>3. Ойталқы: Слайд арқылы LESSON STUDY тәсілін қорытындылайды.<br>4. Тренинг: «Психогеометриялық фигуралар», тапсырмасы: берілген геометриялық фигуралардың ішінен өзіне ұнағандарын таңдау арқылы мінез-құлқына шолу жасау.<br>5. Мұғалімдерге оқушыларды зерттеу картасы таратылып, олар өзара құнды пікірлерімен алмасады.<br>6. Мұғалімдер өтілген коучинг сабағына кері байланыс жазады. |
| Дереккөздері | Мұғалімге арналған нұсқаулық. ( ІІ деңгей) 19 бет. |
| ресурстар | 2-ші деңгей нұсқаулығы, видеоресурс, АКТ, маркерлер, флипчарт, стикерлер, смайликтер. |

# LESSON STUDY: САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді.
Келісіп пішкен тон келте болмас.
Жалғыздың шаңы шықпас.
(Қазақ мақал-мәтелдерінен)



- Пайда болды: Жапонияда, 1870 жылы.
- Мақсаты: Тәжірибені жақсарту мен жетілдіру.
- Жүйесі: Бірнеше мұғалімнің (бір пәннің немесе параллель сыныптар мұғалімдерінің) бірлесе проблеманы талқылауы, сабақ жоспарлауы, бір мұғалімнің сабақ өтуі және басқаларының сабақ барысын қадағалауы, сабақтан соң, тәжірибені жайлы мұғалімдердің қайтадан пікірлесуі ...

# LESSON STUDY

мұғалімдерді оқыту мен тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсіл

оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделеу

оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс жасап, тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинау

# LESSON STUDY ҚАДАМДАРЫ



# НЕГЕ?

Оқушының оқып үйрену үдерісін зерделеу арқылы оның алға дамуын қамтамасыз ету

Таңдап алынған тәсілдің әртүрлі деңгейдегі оқушының ілгерілеуіне қаншалықты әсер ететіндігін анықтау

# ЗЕРТТЕУ САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУ

Келісіп пішкен тон келте болмас.

(Қазақ мақал-мәтелдерінен)



Сынап көретін тәсілді анықтау;



Сабақ жоспарының қандай бөлігіне ықпалды болатынын шешу;



Күтілетін нәтижелерді анықтау;



Үш деңгейдегі оқушыларды таңдап алу.

# ЗЕРТТЕУ САБАҒЫН ТАЛҚЫЛАУ

- алдын ала жасалған болжамдарды сабақтағы нақты жағдаймен салыстыру, «зерттелетін оқушылардың» оқуын қадағалау және болған айырмашылықтардың себебін белгілеу;
- сыныптың тұтас оқуы туралы;
- зерттеу сабағының барысы және оқыту үдерісі;
- белгіленген және зерделенген негізге сәйкес келесі зерттеу сабағының мақсатын қою.